

«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

қамқоршылық кеңесі отырысының

ХАТТАМАСЫ

26.05.2023ж.

№ 8

Жаңа Дәулет ауылы

Қатысқандар:

- | | |
|------------------------------------|---|
| 1. Дәуэн Ләззат Жұмабекқызы | қамқоршылық кеңес мүшесі, аудандық мәслихат статисі, қоғамдық кеңес хатшысы, кеңес төрағасы |
| 2. Тастайбекова Айнұр | қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер |
| 3. Ягнисов Сатжан | қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер |
| 4. Фазылбек Абылай | қамқоршылық кеңес мүшесі, облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы |
| 5. Жексенбаев Қадырбек | қамқоршылық кеңес мүшесі, Дәулет селолық округінің бас маманы |
| 6. Буркиталиев Бахтияр | қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер |
| 7. Тасболатова Гулнара Беккалиевна | «AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының баспасөз хатшысы |
| 8. Қалабай Қуаныш Азанбайұлы | қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер-ұстаз. |
| 9. Китайбекова Ботакөз | қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана |

Күн тәртібінде

1. «Біз жеткен жетістіктер» (дарынды оқушылардың ата-аналарын марапаттау; (Д. Тугелбаева, дарынды оқушымен жұмыс жөніндегі орынбасар)
2. 2023/2024 оқу жылында білім беру ұйымдарына оқушы қабылдау және құжаттарды қабылдау тәртібі; (М.Құлбарак, оқу ісі жөніндегі орынбасар)
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша дарынды оқушымен жұмыс жөніндегі орынбасар Д.Тугелбаева сөйледі. Ол өз сөзінде: Дарындылықтың қайнар көзі – мектеп. Ал мектептен білім алған, оқыған бала дамиды. Дарын – адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет, яғни дарынды бала – асқан таланттың иесі екендігін ескеріп, баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық

бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы екендігін баса айтты.

Әр мұғалімнің басты міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған, дарынды, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу болса, осы бағытта атқарылған жұмыстар жетерлік. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады дей келе, мектебімізде біршама жасалған жұмыстарды айтып өтті. «Біз жеткен жетістіктер» айдарымен биылғы оқу жылында жетістікке жеткен оқушыларды ата-аналарымен қоса сахна төріне шақырып, осы оқу жылында балаларын қолдағаны және олардың қатысқан әрбір сайысына мүмкіндік бергені үшін мектеп директоры Д.Кулмеханованың алғысымен марапаттады. Марапаттау барысы қамқоршылық кеңес төрағасы Л.Дәуэн, мүшесі А.Тастайбекова, оқу ісінің меңгерушісі Е.Дайнашов, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, ардагер ұстаз Б.Көппепесова және ардагер ұстаз Бельмурзаев Құрбанбай атаның тапсыруымен ұласты. (тізім қоса жалғанды).

Екінші мәселе бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасар М.Құлбарак Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына сәйкес, ағымдағы жылдың 01 сәуірі мен 01 тамызы аралығында 2023/2024 оқу жылында 1-сыныпқа қабылданатын оқушылардың құжаттарын қабылдау науқаны басталғандығын айтып өтті. 1-сыныпқа құжаттарды қабылдау электронды және қағаз нұсқада қабылданады-деді. Алайда, ақпараттық технологиялардың күн санап қарыштап дамуына байланысты өтініштер Егов электронды порталы арқылы қабылдануда. 1-сыныпқа қабылданатын оқушылар үшін төмендегідей құжаттар тапсыру керек, - дей отырып, керекті құжаттарды санамалап ескертті. Олар:

- Баланың 3*4 форматындағы түрлі-түсті суреті (2 дана);
- Форма №026/у (баланың медициналық картасы);
- Форма 0-65/у (баланың егу картасы);
- Ата-анасының электрондық цифрлық қолтаңбасы.

Құжаттарды үйде немесе мектептегі өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы беруге болады –деп, өз сөзін аяқтады.

Ағымдағы мәселелер бойынша әлеуметтік педагог Ш.Абыханова «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанынан ашылған «Ақжелкен» жазғы сауықтыру лагерінің өз жұмысын бастайтындығын тілге тиек ете отырып, оған осы оқу жылында сыныбын үздік бағамен аяқтаған және әртүрлі санаттағы оқушылардың тартылатындығын айтып өтті. Мектеп директоры мектеп бітіру кешіне байланысты алдын ала ескертілген тәртіпке баса назар аудару керектігін және негізгі мектеп пен орта мектепті бітіруші түлектер үшін сынақтардың басталатындығын, оған кешікпей қатысу ата-аналардың назарында болса екен деген ұсынысын білдірді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талдай, талқылай келе қамқоршылық кеңес отырысы төмендегідей шешім етеді.

ШЕШІМ:

1. «Біз жеткен жетістіктер» айдарымен өткізілген дарындылар шеруі жақсы деңгейде өткендігі ескеріліп, келесі жылы бүгінгіден де жоғары жетістіктерге жетуі жолында жұмыстардың қарқынды жүруі жолға қойылсын;
2. 2023/2024 оқу жылында білім беру ұйымдарына оқушы қабылдау және құжаттарды қабылдау уақытылы жүргізілуі қамтамасыз етілсін;
3. жазғы сауықтыру лагеріне мектеп оқушыларының тартылуы жандандырлысын;
4. Мектеп бітіру кешіне байланысты алдын ала ескертілген тәртіп басты назарға алынып, мектеп бітіруші түлектердің сынақтарын ойдағыдай тапсыруы қолға алынсын.

Кеңес төрағасы
Кеңес хатшысы



Л.Дәуен
А.Тастайбекова